

«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

Ертегі тыңдай білейік

Тәрбиеші: Баймағанбетова Б

Тақырыбы:Ертегі тыңдай білейік.

(Шалқан ертегісін үстел үсті театры арқылы көрсету)

Максаты:Балаларды ертегі кейіпкерлердің әрекеттерімен жүріс – тұрысын талдауға үйрету.Ертегі мазмұнын түсініп қайталап айтуға,сөздік қорларын дамыту.

Балаларға кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға, қайырымдылыққа, мейірімділікке, бірлікке,достыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі:Қажетті суреттер,дайындалған үстел үсті театры т.б

I.Кіріспе бөлім:

Шаттық шеңбері:

Бір шанырақ астында,

Тату тәтті тұрамыз.

Бірге ішеміз асты да,

Бірге сайран саламыз.

(Балаларды орындарына отырғызу.)

II.Негізгі бөлім:

Тәрбиеші:Балалар, қандай ертегілерді білеміз?

Балалар: «Бауырсақ», «Үш аю», «Шалқан» т.б.

Тәрбиеші: Осы ертегілердің ішінен «Шалқан» ертегісін үстел үсті театрымен көрсетіп берейін.Көріп,тыңдағыларың келе ме?

Тәрбиеші:Ерте,ерте,ертеде,атай көктемде шалқан тұқымын егіп,оны жаз бойы күтіп-баптап,суарып күзде жинамақшы болады.Шалқан үлкен болып өсіпті, ата таң қалып, шалқанды жерден тартып жұлмақшы болады. Шалқанды сабағынан әрі-бері тартады. Ол шықпай қояды.

Ата:Кемпір, әй кемпір мұнда кел, маған көмектесші, мына шалқанды шығарып алайық.

Әже:Жарайды шалым,келе жатырмын көмектесейін.

Тәрбиеші:Әже атаның белінен ұстап,атасы шалқанның сабағынан ұстап,әрі-бері тартады, шалқан жұлынбайды.

Әже:Немере қызым, мұнда кел, бізге көмектес.

Қызы:Жарайды әже, келе жатырмын көмектесейін.

Тәрбиеші:Немере қызы әжесінің белінен, әжесі атасының белінен ұстап, атасы шалқанның сабағынан ұстап, әрі-бері тартады, шалқан жұлынбайды. Қызы күшігін көмекке шақырады.

Қызы:Күшігім, достым менің,бізге көмектесші.

Күшік: Ав-ав-ав, жарайды көмектесейін.

Тәрбиеші:Күшік қыздың етегінен ұстап,немере қызы әжесінің белінен, әжесі атасының белінен ұстап, атасы шалқанның сабағынан ұстап әрі-бері тартады, шалқан жұлынбайды.Олар мысықты көмекке шақырады.

Күшік:Мысығым досым, мұнда кел бізге көмектес.

Мысық:мияу-мияу жарайды, көмектесейін.

Тәрбиеші:Мысық күшіктің құйрығынан, күшік қыздың етегінен тарта, немере қызы әжесінің белінен, әжесі атасының белінен ұстап, атасы шалқанның сабағынан ұстап көмекке шақырады.

Тышқан: Пи-пи-пи жарайды, көмектесейін.

Тәрбиеші:Тышқан мысықтың құйрығынан, күшік қыздың етегіне, немере қызы әжесінің белінен , әжесі атасының белінен, атасы шалқанның сабағынан ұстап тарта бастаған кезде, шалқанды жерден суырып алады. Олар қуанып, шалқанды үйге апарып, дәмді ботқа пісіреді. Сөйтіп, бірліктің, достықтың,арқасында отбасы мүшелері мен кішкене достары жеңіске жетеді.

III.Қорытынды бөлім:

Балалар,бүгін қандай ертегі тыңдадық? Ертегіде қандай кейіпкерлер болды?
Кейіпкерлер қандай іс-әрекеттер жасады.Олардың жасаған әрекеттері жақсы ма,әлде
жаман ба?Сендер,кейіпкерлер орнында болсаңдар,не істер едіңдер ?

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады:Тыңдаған ертегі мазмұнын,ертегі кейіпкердлерін

Түсінеді:Кейіпкерлердің әрекеттерінің дұрыс екенін

Қолданады:Қажетті құралдар мен көрнекі суреттерді,сөздіктерді.

